

М. Малбақұлы^{1*}, М. Бердиллаева²

¹Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.

²Қазақ спорт және туризм академиясы, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: myrzabergen@mail.ru

В.В. РАДЛОВ СӨЗДІГІНДЕГІ ҚАЗАҚ СӨЗДЕРІНІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ

Аннотация. Мақала В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» атты сөздігіне алынған қазақ сөздерінің лексикалық құрамын зерттеуге арналады. Осы мақсатқа жетудің ең оңтайлы жолы ретінде тақырыптық топтарға бөліп зерттеу тәсілі алынды. Бұл тәсілдің басты ерекшелігі, ол нысан ретінде алынып отырған жалпытүркілік сөздіктегі лексиканың ашық, айқын, толыққанды зерттелуіне жол ашады. Осы мақалада орын алып отырған қазақ тілінің XIX ғасырдағы лексикасы құрамына нақты тақырыптық топтар негізінде ғылыми (лексикалық) сипаттама жасау мәселесінің осы тақырып бойынша болашақта жүргізілетін ғылыми зерттеулер үшін маңызды екендігі даусыз. Бұл зерттеудің ғылыми-практикалық маңыздылығын айқындайды. Мақалада *іріктеу, жүйелеу, тақырыптық топтарға бөлу, құрылымдық сипаттау, семантикалық топтау, синхрондық және диахрондық талдау, салғастыру* әдістері қолданылады. Тақырыптық топтарға бөліп талдау барысында сөздік авторының қазақ тілі лексикасын қаншалықты толыққанды қамти алғандығы, сөздіктің осы тұрғыдан ғылыми маңыздылық дәрежесі айқындалады. Жүргізіліп отырған зерттеудің қазақ тілі лексикасын тарихи-лексикографиялық және лексикологиялық тұрғылардан зерделеудегі құндылығы айқын. Жұмыс нәтижесінде В.В. Радлов сөздігіндегі қазақ сөздерін тақырыптық топтарға бөліп зерттеу тәсілінің XIX ғасырдағы қазақ тілі тарихи лексикасының сандық және сапалық құрамы мен құрылымын ашу жолындағы құндылығы айқындалады.

Тірек сөздер: лексика, семантикалық талдау, лексикография, лексикология, тақырыптық топ.

М. Малбақұлы^{1*}, М. Бердиллаева²

¹Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, Казахстан, г. Алматы

²Казахская академия спорта и туризма, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: myrzabergen@mail.ru

О ЛЕКСИЧЕСКОМ СОСТАВЕ КАЗАХСКИХ СЛОВ ИЗ СЛОВАРЯ В.В. РАДЛОВА

Аннотация. Данная статья посвящена исследованию лексического состава казахских слов в словаре В.В. Радлова «Опыт словаря тюркских наречий». В качестве наиболее оптимального способа достижения поставленной цели был принят метод исследования по тематическим группам. Главной особенностью применения этого метода является то, он способствует открытому, ясному и всестороннему изучению лексики общетюркского словаря, взятой в качестве объекта. Не подлежит сомнению, что проблема научного (лексического) описания лексики казахского языка XIX века на основе конкретных тематических групп важна для будущих научных исследований по данной теме. Это определяет научно-практическую значимость исследования. В статье используются методы *сравнения, отбора, систематизации, тематического и структурного описания, семантического, синхронического и диахронического анализа*. При анализе тематических групп представляется возможным определение насколько полно автор словаря смог осветить лексику казахского языка, а также научно-практическую значимость словаря с этой точки зрения. Ценность проводимого исследования в изучении лексики казахского языка с историко-лексикографической и лексикологической точек зрения очевидна. В результате работы выявлена значимость метода исследования казахских слов в словаре Радлова путем разделения их на тематические группы с целью выявления количественного и качественного состава и структуры исторической лексики казахского языка XIX века.

Ключевые слова: лексика, семантический анализ, лексикография, лексикология, тематическая группа.

М. Malbakuly^{1*}, M. Berdillaeva²

¹Akhmet Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty

²Kazakh Academy of Sports and Tourism, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: myrzabergen@mail.ru

ON THE LEXICAL COMPOSITION OF KAZAKH WORDS FROM THE DICTIONARY OF V.V. RADLOV

Annotation. The article is devoted to the study of the lexical composition of Kazakh words in V.V. Radlov's

dictionary "The experience of the dictionary of Turkic dialects". The most optimal way to achieve this goal is to analyze words by thematic groups. The main feature of this method of research is that only in this way is a high-quality and scientifically complete study of the structure and composition of the Kazakh vocabulary in the general Turkic dictionary achieved. Considering the vocabulary of the Kazakh language of the XIX century by preliminary distribution into thematic groups and further analysis of the composition of these words, it is possible to reveal the full picture of the life of the people during the historical period. The article uses scientific methods of decomposition and systematization by semantic groups, synchronous and diachronic analysis, methods of comparative and comparative analysis. During the thematic analysis of words, it becomes possible to determine the level of linguistic competence of the author, the compiler of the dictionary. This article can serve as an example of the study of the vocabulary of the Kazakh language from a historical-lexicological and historical-lexicographic point of view. As a result, by conducting a thematic analysis of Kazakh words in Radlov's dictionary, it becomes possible to determine the structure and composition of the historical vocabulary of the Kazakh language of the XIX century.

Keywords: vocabulary, semantic analysis, lexicography, lexicology, thematic group.

Кіріспе

Төрт том, сегіз кітаптан тұратын В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» атты еңбегі – XIX ғасырдағы түркітануда теңдесі жоқ туынды. Бұл сөздікте жинақталған материалдар түркі тілдерінің тарихи лексикологиясы мен лексикографиясы үшін ерекше маңызды. XIX ғасырдағы қазақ тілі лексикасының құрамы мен құрылымын осы сөздік арқылы байыптаймыз. Өткен ғасырлардағы қазақтардың халықтық тілінде қандай сөздердің, атаулардың болғандығын, халықтың қай салаларда жұмыс жасап, қандай кәсіптермен айналысқанын, қоғамдық даму дәрежесі қандай болғандығын анықтау үшін сөздіктегі қазақ сөздерін тақырыптық топтарға бөліп зерттеу қажет болды. В.В. Радлов сөздігіндегі қазақ сөздеріне осы тәсілдің көмегімен талдау жасау ісі тұңғыш рет жүзеге асырылып отыр. Бұл халқымыздың тіліндегі тарихи лексикалық қабаттың құрамы мен құрылымын анықтау үшін қажет.

Материал және әдістер

Аталмыш сөздікте сегіз мың бес жүзден астам қазақ сөздері қамтылып отыр. Осы сөздердің қандай салаларға жататындығын және ол салалардың белгілі тарихи дәуірде қандай дәрежеде дамығандығын айқындау үшін қазақша атауларды тақырыптық топтарға бөліп, жіктеп қарастыру қолға алынды. Барлық лексиканы «адам» – «қоғам» – «табиғат» триадасы негізінде тақырыптық топтарға жіктей отырып, атауларды жүйелі түрде зерделеу ойластырылды. Ғылыми-практикалық тұрғыдан зерттеу барысында сөздерді *тақырыптық топтарға бөлу, құрылымдық жақтан жүйелеу, салааралық реттеу, сипаттама жасау, семантикалық тұрғыдан топтастыру, синхрондық және диахрондық талдау, өзара салғастыру* әдістері қолданылды.

Әдебиетке шолу

«Лексикалық құрам» тіркесі сөздік құрам деген ұғымды білдіреді. Демек, бұл мақалада В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» атты жалпытүркілік сөздігіндегі қазақ тілі бойынша берілген барлық материалдың сөздік құрамы туралы сөз болмақшы. Қазақ тілінің тарихындағы XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезін, яғни өте-мөте маңызды тарихи дәуірін қамтып отырған В.В. Радлов сөздігіндегі қазақ тіліне қатысты лексиканы түгендеп, оны жік-жікке бөліп зерттеп, зерделеу мақсатында әуел бастан осындай ұстанымдық негіздерді айқындап алуымыз қажет. Ондай ұстанымдық ұстынды, біздің зерттеуімізге арқау боларлық үлгіні академик Ә.Қайдар еңбегінен көреміз. Академик Әбдуәли Қайдардың пікірі бойынша, өткен кезеңде, яғни 1990-жылдарға дейін, этнолингвистика ғылымы мен этнолингвистикалық сөздік мәселесінде материалға жіктеме жасау, оны жүйелеу тұрғысынан жарық көрген еңбектер соншалықты көп емес. Ғалым ондай еңбектер қатарында түркі халықтарының ішінен екі томдық «Қырғыздар» атты еңбекті (Қырғыздар, 1993), поляк ғалымы Вацлав Леопольдович Серошевскийдің «Якуты» атты еңбегін (Серошевский, 1896), сондай-ақ Тамаз Гамкрелидзе мен Вячеслав Ивановтың «Индоевропейский язык и индоевропейцы» атты еңбегін (Гамкрелидзе, Иванов, 1984), академик Никита Ильич Толстойдың басшылығымен жарық көрген «Славянские древности» атты бес томдық этнолингвистикалық сөздікті (Славянские древности, 1995-2012), мажар тілінің 1967-1982 жылдар арасында жарық көрген бес томдық этнолингвистикалық сөздігін т.б. жарияланымдарды атайды. Алайда аталмыш еңбектер Ә.Қайдар сөздігіне құрылымдық тұрғыдан үлгі болды деп тұжырым жасауға болмайды. Дегенмен лексика атаулыға жіктеме жасауда «адам-қоғам-табиғат» триадасын қолдану тәжірибесі ғылымда бұрыннан бар

екендігі белгілі. Академик Әбдуәли Қайдар жазған «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты үш томдық этнолингвистикалық сөздіктің «Адам» аталатын бірінші томы 2009 жылы (Қайдар, 2009), «Қоғам» деп аталатын екінші томы 2013 жылы (Қайдар, 2013а), ал «Табиғат» аталатын үшінші томы да сол 2013 жылы (Қайдар, 2013б) Алматы қаласында жарық көрді. Біздің осы мақаламызға негізгі нысан болып отырған В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» атты еңбегіндегі түркі тілдерінің лексикасы (Мусаев, Садыкова, 2018) мен фонетикасы (Садыкова, Мусаев, 2017) қырғыз түркологтарының еңбектерінде сөз болады. Қазақстандық ғалымдардың жұмыстарында В.В. Радлов сөздігінде қамтылған лексикографиялық параметрлер мәселесі (Мамырбек, 2023), сөздіктегі қазақ сөздерінің ішінде қажеттісін қазіргі күн талабына пайдаланудың, кірме лексикаға жататын сөздік бірліктердің терминдену үдерісін зерделеудің жолдары туралы ғылыми мақалалар (Құлманов, Бүркітбай, 2024) да баршылық. Дегенмен біз өз зерттеуімізде Ә.Қайдар ұстанымдарын басшылыққа алдық. Сөздіктің алғысөзінде ғалым: «Сөздіктің мақсаты – қазақ тілінің барша лексика-фразеологиялық-паремиологиялық байлығын мүмкін болғанынша түгел қамтып, мағына-мәніне, қолданысына түсініктеме беретін, жүздеген тақырыптардан тұратын единицаларды жинақтап, жүйелеп беру... Үш томдық этнолингвистикалық сөздік, сөздік байлығын «Адам», «Қоғам», «Табиғат» деп аталатын үлкен үш топқа жіктеп, халық болмысындағы жүздеген тақырыптық топтарға бөліп қарауға мүмкіндік береді» – дейді (Қайдар, 2009: 3-5). Біз В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» атты сөздігіндегі қазақ тілі лексикасына жататын атауларды қарастыру барысында академик Ә.Қайдардың осы жіктемелік белгілерін басшылыққа алдық.

Нәтижелер және талқылау

В.В. Радлов сөздігінде қамтылған қазақ тілі лексикасы құрамындағы сөздердің ең көлемдісі мәнді, маңыздысы – «адам» ұғымына қатысты сөздер болып табылады. Сөздердің бұл тобын екі үлкен тақырыпқа бөліп қарастырамыз: А) *Адам тіршілік иесі ретінде*; Ә) *Адам сезетін, ойлайтын, сөйлейтін тіршілік иесі ретінде*. Жіктеме бойынша, ең алдымен, «Адам тіршілік иесі ретінде» тақырыбын қарастырамыз. *Адам* [араб. 1) человек: бір адам келген – там кто-то пришел; әр адам біледі – это всякий знает; 2) мужчина], *адамзат* [(адам+зат) парсы. человек: *Зеңгі қызын адамзат алған емес* никогда не женился человек на девиц Зенгиев] сөздерінен басталатын «жалпы сөздер» тобында 22 атау сөз, *аға* [1) старший брат, дядя: *бір туған аға* – родной брат; 2) *ауыл ағасы* – старший в ауле; *от-ағасы* – старший в доме], *ата* [1) отец: *өкіл ата* – старший друг молодого человека; *өгей ата* – отчим; 2) дед, предок: *Байбақты неше атаның баласы?* – на сколько ветвей разделяется род Байбақты? *Үш атадан жан береді* – в третьем поколении дают друг другу присягу; *Жеті атаға жеткен соң қыз алысады* – в седьмом поколении родства можно жениться] сөздерінен басталатын «адам өмірінің кезеңдері» тобында 52 атау сөз, *тамыр* [(зат) 1) корень, разветвление корня: *тамыр жайды* – он распространил корни; 2) жила, артерия, вена: *үлкен тамыр* – главная артерия; *тамыр ұстап қарайды* – он щупает пульс; *күре тамыр* – шейная артерия; тамыр құрысы – судороги; 3) друг]; *тіс* [(зат) зуб: *күрек тіс* – передний зуб; *азу тіс* – коренной зуб; *ит тіс* – клык; *ақыл тіс* – человек, имеющий редкие и кривые зубы; *тіс қаққан кісі* – человек, возмужалый, разумный; *тіс шұқиды* – он ковыряет в зубах; *тіс шұқитын ағаш* – зубочистка; *тіс түседі* – зубы выпадают] тәрізді атауларды қамтитын «дене мүшелері мен ағзалар» топшасы (44 сөз) және *қара* [(ет) 1) смотреть, глядеть, осматривать: *атқа қара!* – смотри на лошадей! *Кісі күнге қаралмас* – человек не может смотреть на солнце; 2) пытаться, попробовать, приступить (в соединении с деепричастием на -п др-х глаголов): *аяқ басып қара!* – попробуй ступить на ногу! 3) устремлять свои взоры на кого-либо, обращать внимание, не забывать: *құдайға қара* – не забывай Бога!; *құдайдың үкіміне қара!* – не забывай приказание Бога! 4) смотреть на кого, соображаясь с его приказаниями; подчиняться, быть подданным: *орысқа қараған қазақ* – подданные русским Киргизы; 5) смотреть за кем, заботиться о нем, хранить кого-либо], *тат* [(ет) 1) попробовать, отвесть, иметь вкус, быть вкусным; 2) делаться сладким; *қымыз татты* – кумыс испортился (стал сладким)] тәрізді мысалдарды қамтылған «түйсіктер мен түйсіну» топшасынан (27 сөз) құралған «адам организмі» деп аталатын топта, адамның «қимыл-қозғалыс» атауларында (47 сөз), «тазалық сақтауға» қатысты (37 сөз), «ауру атауларына» қатысты (72 атау сөз), адамның ұйқысына (18 атау), сыртқы түр-келбетіне қатысты

39 атау қамтылған. Сонымен, «адам тіршілік иесі ретінде» тақырыпшасы бойынша барлығы 358 атау қарастырылған.

Екінші кезекте алынып отырған «Адам сезетін, ойлайтын, сөйлейтін тіршілік иесі ретінде» атты тақырыптағы «жалпы сөздер» [*тын* (1) (зат) дыхание, дух, жизнь, душа: *ойын түбі тын болар* – всякая шутка кончается серьезно; *жан* (зат) (1) 1) душа, жизнь: *қолымның жаны жоқ* – моя рука онемела; 2) человек, люди: *сен қайдан келген жансың?* – ты откуда пришел? 3) присяга: *жан берді, жан ішті* – он присягал т.б.] құрамында 7 атау болса, «сезімдер мен эмоциялар» тобында [*көңіл* (зат) дух, сердце, мысль: *көңіліме алайын* – я это принимаю к сердцу!; *өз көңілін бекітіп* – укрепляя свое сердце; *көңіліме сол бір жері мұң болады!* – это одно есть мучение для моего сердца!; *есірке* (ет) сожалеть: *оның үсті басы жыртылғанын көріп, бек есіркедім* – увидев, как голова его была разбита, я сильно жалел его; *айқайла* (етістік) (айқай+ла) 1) кричать при нападении, с криком напасть на неприятеля; 2) восклицать от удивления *айқай* – удивляться; *қобалжы* (ет) 1) легкое приподнимание, подсакивание на седле во время езды верхом; 2) нерешительное состояние духа, в котором человек то поддается желанию, то от него отказывается] барлығы 77 атау сөз, «ерік» ұғымына қатысты сөздер тобында [*азат* парсы. освобождение *азат берді* – он его освободил; *азат тапты* – он получил свободу; *растық* (зат) (рас+лық) подходящее, верное, истина: *растығы бар кісі* – верный человек; *растығыңды айт!* – говори правду!; *талап* (зат) араб. желание, стремление, иск, решение: *талап айтты* – он решился, предъявил иск; *таудай талап бергенше, бармақтай бақ берсін!* – вместе того, чтобы дать мне стремление величиной с гору, дай мне счастье величиною с палец! (посл.); *аңса* (2) (ет) 1) иметь страшную жажду; 2) тосковать по чем-либо, сильно желать чего-либо: *Баласын көруге шешесі аңсап келді* – мать сильно тосковала по ребенку; *еріксіз* (ерік+сіз) против своей воли: *еріксіз кеттім* – я ушел против своей воли; *сағын* (ет) 1) думать, подумать, обдумать; 2) скучать, тосковать; *абайла* (ет) быть внимательным, обдумать, осторожно осматриваться: *абайлап сөйле* – говори осторожно!; *сабырлы* (сын) 1) терпеливый; 2) кроткий, кто не спешит в своих поступках, т.б.] 30 атау сөз, «мінез-құлық» ұғымына қатысты [*айып* араб. 1) преступление, недостаток, порок: *бұл сенің айыбың* – это твоя вина, *адасқанның айыбы жоқ, қайта үйірін тапқан соң ашылғанның айыбы жоқ, өзі біліп жапқан соң* – не грешно заблудиться, если, вернувшись, находишь опять свой дом, не грешно быть открытым, когда сам умеешь закрывать; 2) нечестность, подлость, дурное качество: *айыбы жоқ кісі* – добрый, честный человек; 3) пеня за незначительные проступки: *айып салды* – он наложил на него пеню; *солбыр* (сын) вялый, безжизненный человек; *епте* (ет) 1) хитростью, осторожностью достигнуть: *мен оны епте алдым* – я достал его искусством; 2) едва достать, едва в состоянии быть исполнить: *епте жығылмай шықтым* – чуть-чуть я мог выйти не упавши; *айбат* араб. 1) прекрасный, могучий, важный: *бұл айбат болар* – это хорошо будет; *ағаң айбат кісі екен* – твой брат прекрасный человек; 2) сердитый, грозный вид: *айбатты* (айбат-лы): 1) прекрасный, важный, могучий; 2) грозный, сердитый; *әкрең* дерзкий, нахальный: *әкрең кісі* – дерзкий человек; *әкрең болма* – не будь нахальным; *әдеп* 1) вежливость, стыдливость, стыд; 2) послушание; *олақ* неловкий, неспособный *сөзге олақ* – человек, который не умеет говорить; *Мен жазуға олақпын* – я не мастер писать; *өтірік* 1) ложь *өтірік айтпа, шынын айт* – не говори лжи, говори правду! 2) только так, без цели, нарочно: *өтірік айтты* – он говорил только так, болтал; *жасық* (сын) (жасы+қ) 1) измученный, ослабленный, старый, негодный, дурной; 2) неловкий, неразвязный, нерасторопный; *сақ* (сын) 1) чуткий, чуткость: *сақ құлақ* – чуткий; 2) осторожный; 3) внимательный, разумный; *сақ құлақты* – легко понимающий; 4) чувство чести: *о кісі сағымды сындырды* – этот человек обидел меня; *ақылды* умный, благоразумный, *әкем ақылды кісі екен* – отец мой умный человек; *ақылдыға айтса, біледі, ақымаққа айтса, күледі* – если говоришь умному, он понимает; если говоришь дураку, он смеется; *ақылды дұшпан тентек достан артық* – умный враг лучше глупого друга; *аңсыздық* (аңсыз+лық) неосторожность, необдуманность: *сен оны аңсыздықтан айттың* – ты так говорил по неопытности; *өр* (2) громко говорящий, грубый в разговоре; человек, который при спорах не дает себя победить; *намыс* (зат) парсы. 1) слава, честь, репутация: *намысыңды берме!* – не поддавайся! 2) стыд, срам: *қоянды қамыс өлтірер, ерді намыс өлтірер* – зайца убивает камыш, мужа стыд; *пысық* (сын) (пысы+қ) 1) крепкий, сильный;

2) дельный, годный, хитрый, проворный, расторопный; *тентек* (зат) 1) сумасбродный, глупый: *тентектің ақылы түстен кейін келеді* – ум у сумасбродного является после обеда; 2) виноватый: *кім тентек болды?* – кто остался виноватым?; *малсақ* (сын) (мал+сақ) 1) любящий скот, стремящийся к богатству; 2) хорошо ухаживающий за скотом; *шыдам* (зат) (шыда+м) 1) сила, достаточная что-нибудь выдержать; 2) терпение, т.б.] атаулар саны 225 болды. «Адам ойлайтын тіршілік иесі ретінде» тақырыпшасы бөлігінде [ақыл 1) ум, разум, умственное дарование: *бұл іске ақылың жетпес* – твоего ума не хватит для этого; *ақылың болса сатып ал* – если ты умен, то купи это; *ақылы басынан шықты, ақылынан айрылды* – он потерял разум; 2) совет: *ақыл алды* – принимал совет; *ақыл сұрады* – он просил совета; *ақыл табайын* – я найду совет; *ақыл аста, қайрат жаста, асыл таста* – совет на пир, сила в молодости, ценность в камнях; *қалаға барғаннан үш күнге дейін ақыл сұрама* – кто побывал в городе, у того не спрашивай совета; *ес* (1) память, ум: *есі жоқ кісі* – человек, который имеет слабую память; *еске салды* – он вспомнил; *мен есімнен айрылдым* – я потерял память; *ойла* (ет) (ой+ла) думать, обдумать, размышлять, выдумать: *ойлап шығарды* – он вспомнил, выдумал; *не ойлап тұрасың?* – что ты задумался? *еш адам хан қызы деп ойламайды* – никто не думал, что она дочь царя; *дана* (сын) 1) ум, сообразительность; 2) сведущий, умный: *дана адам* – умный человек; *білгір* (сын) 1) кто лечит народными средствами; 2) астролог; т.б.] 57 сөз қамтылған болса, «Адам ойлайтын тіршілік иесі ретінде» тақырыпшасы бойынша 36 сөз кездеседі.

«Адам сөйлейтін тіршілік иесі ретінде» тақырыпшасы аясында [ләппәй (одағай) что? что ты говоришь? что угодно? Говори, я слушаю! (обращаясь вежливо к старшему); *сөз* (зат) слово, речь; *жел сөз* – импровизированные песни; *үнде* (ет) (үн+ле) подавать голос, говорить: *үндемей кірді* – он вошел, не говоря ни слова; *қақса* (ет) говорить без перерыва, постоянно плакать, изнывать, болтать; *қышқыр* (ет) 1) кричать, громко говорить; 2) звать, приглашать; *тайсалда* (ет) отклоняться, отказываться от своего слова, уклончиво говорить; *тілдес* (ет) (тіл+де+с) поговорить с кем: *тілдесіп отырды* – они сидели и разговаривали; *даула* (ет) (дау+ла) искать на кого в суде: *даулап алдым* – я оттягал что тяжбою; *жаңғырықтыр* (ет) 1) снова начать дело, не довольствуясь прежним решением; 2) громко говорит, так чтобы все слышали; *суылдат* (ет) (суылда+т) шуметь, произвести шум: *өтірікті суылдатып* – высказывая ложь; *шыңқылда* (ет) 1) издавать высокий, тонкий звук; 2) звенеть в ушах; 3) громко говорить; *безекте* (ет) (безек+ле) 1) горячиться, взволнованно говорить; 2) отклонять, отрицать; *быдық* (сын) с трудом говорящий, заикающийся, останавливающийся постоянно в разговоре; *қосаметқайла* (ет) (қосаметқай+ла) вмешиваться в разговор или какое-либо дело т.б.] да адам баласының сөйлеу қабілетіне тән іс-қимылды, үдерісті білдіретін 134 сөз жинақталған екен. Біздің байқауымызша, «адам» ұғымына қатысы айқын байқалып тұрған сөздік бірліктердің жалпы саны 920-дан асты. Ескерілмей қалған бірліктердің де баршылық екендігін ескере отырып, қазақ тілі лексикасы аясында «адам» ұғымы бойынша, кем дегенде, бір мыңға таяу атау сөздің қамтылып отырғандығын шамалауға болады. Бұл аз ба, көп пе?! Әрине, аз емес. Жалпытүркілік сөздікке алынған бас-аяғы сегіз мыңдай қазақ сөздерінің ішінде олардың бір мыңдайы таза адамға қатысты атау болғандығы таң-тамаша қалдырады. Қандай қорытынды шығаруға болады?! Ең алдымен, В.В. Радловтың тілтанушы, елтанушы, мәдениеттанушы ғалым ретіндегі қабілетінің аса жоғары екендігіне, зерттеушілік әлеуетінің қаншалықты зор екендігіне таң қалмасқа болмайды. Оның Қазақстанға жасаған экспедициялары, іссапарлары кезінде қазақ елінің тіл байлығы қаншалықты біліктілікпен зерделендігі анық, айқын білініп отыр.

«Қоғам» ұғымына қатысты осы жүйеге сәйкес мемлекеттік рәміздерге, ел басқару ісіне, отан қорғауға, қаржы-қаражатқа, әлеуметтік топтарға, киім-кешек, үй-жай, рухани-мәдениетке қатысты атаулардың қамтылуы абзал болмақ. Қоғамдық қызмет атаулары, кәсіп атаулары т.б. қоғамдық лексика атаулы осы макротопқа енгізілді. Біз осы мақаламызда солардың бірнешеуін қарастырамыз.

Қазақ қоғамында ұшырасатын түрлі таптар мен топтардың өкілдерін атаушы сөздер мен алуан түрлі қызмет атауларын білдіретін сөздік бірліктер сөздікте мол: *ақ сүйек* – дворянство, султан; *ақ патша* – русский царь; *орус төрә* русский чиновник; *орус казак төрөсу* – казачий офицер; *аға төрө* – старший уездный султан; *төрөлік* (зат) (төрә+лік) дворянство, достоинство

султана: *төрөлүккә цеткән (мінгән)* – человек, достигший выдающегося положения; *төлеңгіт* (зат) крепостные для служения султану; *жарлы* (сын) бедный; *жартыбас* (сын) (жарты+бас) каторжник, разбойник; *жақыбай* (сын) жарлы-жақыбай: бедняк; *жатақ* (зат) (жат+ақ) 1) оседлый; *алым* (2) араб. ученый, *әкім* араб. начальник: *бас әкімдер* – высшее начальство, *жарғышы* (зат) человек, умеющий уничтожать колдовство; *жазушы* (зат) – пишущий; *жансыз* (сын) (жан+сыз) 2) шпион; *жайдары* (сын) бухарский киргиз – торговец; *жайшы* (зат) умеющий заговорить погоду; *жауырынышы* (зат) – жаурыншы: предсказатель по лопатке; *жаушы* (зат) посредник; *жыршы* (зат) (жыр+чы) певец; *жылқышы* (зат) 1) пастух лошадей; *жүкші* (зат) (жүк+чі) извозчик, сопровождающий воз; *жұлдышы* (зат) – предсказатель по звездам; *жұмышы* (*жұмышышы*) (зат) (жұмыс+шы) имеющий поручение, чиновник, служащий; *жалшы* (зат) – наемный рабочий; *жәрдемші* (зат) (жәрдем+ші) помощник; *саудагер* (зат) – торговец; *пйішпаз* (сын) занимающийся легчением, холощением скота; *арбашы* – извозчик; *атқышы* – стрелок, *атқышыл* (ат+қы+шыл) человек, любящий, умеющий стрелять, часто стреляющий, *аспазы* (ашпаз+чы) повар, *егінші* пахарь, рабочий на пашнях: *бұл ауыл емес, егіншілердің үйлері* – это не ауыл, а просто юрты пахарей, *елші* посланник, вестник: *ханнан елші келді* – от хана пришел посланник, *етікші* – етікчі, *әскер* 2) воин: *әскер басы* – командующий войсками; *емші* врач, *өнербет* парсы. художник, ремесленник, *өлеңші* (өлең+чі) певец, *ысшы* (ыс+чы) умеющий коптить кожу, *ісепшік* человек, предсказывающий погоду, *іші* дубильщик, *указнай* орыс. указный мулла, *ұлаушы* подводчик, ямщик или сопровождающий подводы, *ұста* (1) 1) ремесленник 2) кузнец; *уәзір* араб. везир: *бір хан болды, ханның уәзірі болды* – жил царь и у него был везир; *қарауылышы* (зат) – карауылшы, *қатшы* (зат) (хатшы) – писарь, *қазанышы* (зат) – поварь, *қазы* (зат) (2) 1) судья: *кедейдің қазысын жеген ұры қазы болмайды* – не быть тому судьей, кто воровал у бедняка его колбасу; 2) заседатели уездного правления (дувана), *қосшы* (зат) (қос+шы) прислуга во время путешествия; *қобышы* (зат) (қобыз+шы) – скрипач, *қырқушы* (зат) (қырқу+шы) стригущий; *құланышы* (зат) певец, музыкант; *құмалақышы* (зат) (құмалақ+шы) прорицатель, знахарь, *көпес* (зат) орыс. купец; *көмірші* (зат) – истопник; *кіндік шеше* – повивальная бабка; *кіреші* (зат) едущий с караваном, с обозом; *қызметкер* (зат) (кізметкер) служащий, слуга; *нанышы* (зат) (нан+чы) торговец хлеба, хлебопек; *назыр* (зат) араб. 1) смотрящий, взглянувший; 2) смотритель; *нөгөр* (зат) служитель: *нөгөрұ аскалы кетті* – его пошли варить пищу; *лау* (зат) подвода; *лаушы* (зат) – лаучы; подвозчик; *тасушы* (зат) перевозчик: *сұ тасушы* – водовоз; *тәптәші* (зат) (тәптәш+чі) следователь; *темірші* (зат) – тәмірчі; кузнец; *тілмаш* (зат) – тілмач; переводчик; *тыңшы* (зат) 1) подслушивающий, шпион; 2) свидетель, присяжный; *тігуші* (тігу+ші) (зат) портной, швея: *ки(і)м тігуші* – портной; *тігуші катын* – швея; *тіркеуші* (ет) (тірке+у+чі) записывающий в книгу; *дәргер* (зат) врач.

Келтірілген мамандық атаулары сол кезеңдегі, яғни XIX ғасырдағы қазақ елінде орын алған кәсіп түрлерінен де хабар береді. Байқалып отырғандай, бұрыннан келе жатқан дәстүрлі атаулармен қоса Ресей империясының бодандығына кірумен байланысты жаңадан пайда болған, калька жолымен аударылып алынған *ақ патша*, *орус төрә*, *орус казак төрөсү*, *аға төрө* тәрізді лауазым атауларының, сондай-ақ, орысшадан қазақ тіліне бейімделіп алынған *указнай*, *көпес* сияқты жаңа мамандық атауларының пайда болғандығы айғақталып отыр.

XIX ғасырда қазақ елі негізінен үш түрлі шекаралық аймақта сауда ісін жүргізіп келді. Оның бірі – қазақ даласының оңтүстігінде бұрыннан бері орын алып келген отырықшы Қоқан, Хиуа, ежелгі Хорезм жұртымен арада болатын сауда-саттық болса, екіншісі – Құлжа жақтағы Қытай елімен көршілес отырған қазақтардың жүргізетін алыс-берісі еді. Үшінші кезекте, қазақ жерінің Ресейге толықтай қосылуымен байланысты, Ресеймен шекаралас аймақтарда сауда-саттық мәселесі ерекше жанданып, жақсы жолға қойылды. «Қоянды» жәрмеңкесі тәрізді ірі сауда орталықтары пайда болды. Осындай жағдайдың салдары ретінде қаржы-қаражатқа, сауда-саттыққа байланысты ұғым атауларының бұрынғыдан да дами түскендігінен байқауға болады: *айрт* (ет) разменять: *акча айыртты* – он разменял деньги на мелкую монету; *өлгей* (өлу+кей) китайская ямба (ценностью в сто рублей – 50 овец): *күміс жамбы* – құйма күміс; *өсім* (өс+м) 1) рост, приплод: *малымның өсімі жоқ* – скот мой не прибавляется; 2) проценты: *ақшаңның өсімі көп пе?* – много ли процентов дает твой капитал?; *өсімді* (өсім+лі) что вырастает, увеличивается,

что дает проценты: *өсімді ақша* – деньги, выданные на проценты, процентные бумаги; *қарыз* (зат) араб. долг, заем: *қарызға алды* – он делал долги, он взял в долг; *көтерме* (сын) (көтер+ме) комиссионерская торговля киргизов, берущих у купцов товар, чтобы его продавать в степи; *кіре* (2) (зат) караван, обоз; *айрбас* (айр-бас) меновая торговля: *айрбас қылды* – он менял; *айлық* 1) продолжение месяца; 2) месячное жалование, месячный провиант; *ақша* 2) деньги: *қағаз ақша*, *қар ақша* – медные деньги, *күміс ақша* – серебрянные деньги; *алым* 1) подать, пошлина, подушный, кибиточный сбор; 2) взятка *қарыз* (зат) араб. долг; *нарк* (зат) рыночная цена, установленная или утвержденная правительством; *нарка* (зат) парсы. цена; *таразы* (зат) весы: *таразыға салып тартты* – он взвесил; *таразының көзү* – чашка весов; *төліу* (зат) (төлі+у) взыскание, плата; *тиын* (*тыйын*) (зат) 2) копейка: *бес тиын* – пять копеек; *т(ү)сұм* (зат) (түс+м) выручка, заработок; *дылда* = *dilla* (зат) бухарская золотая монета; *сауда* (1) (зат) торговля, торговое дело; *сат* (ет) продавать, торговать; сатып аларға – купить; *сом* (зат) 2) рубль (монетою); *сома* (зат) орыс. сумма, торговый оборот; *сомалы* (сын) (сома+лы) имеющий хороший торговый оборот; *сомдық* (зат) (сом+лық) имеющий ценность одного рубля; *жарна* (зат) прибавка к цене вещами; *жарнақ* (зат) – жарна; *жарына* (зат) пай, участок; *пайда* (зат) польза, проценты; *пайдалы* (сын) (пайда+лы) выгодный; *бақыр* (1) (зат) 1) в документах из Турфана маленькая монетная единица; 2) медь; *жал* (2) (зат) заработок: *ағам жалға кетті* – мой старший брат нанялся в работники; *жалда* (2) (ет) (жал+ла) нанимать: *бір кісіні жалдап алды* – он нанял человека; *шығыс* (зат) восход, источник; *шығым* (зат) (шық+м) 1) то, что выходит, расход; 2) подать, пошлины; *шығымды* (сын) (шығым+лы) 1) щедрый; 2) много расходующий.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан адамның белгілі бір іске жалдануы, кіре тарту, ақшаны өсімге беру, қарызға алу, тауар айырбас қылу, тауарды көтерме сауда бойынша көптеп алып, біртіндеп сатып өткізу тәрізді саудагерлік жолдары мен әдіс-тәсілдерінің бұрынғы көшпелі қазақ қоғамының тіршілігіне кеңінен ене бастағаны айқын байқалады.

В.В. Радлов сөздігіндегі адам баласының күнделікті тіршілігіне аса қажетті лексика тобының – киім-кешек, мата атауларының ерекше мол қамтылғандығын байқауға болады: *ату* (1) татарские ичиги; *атулы* (ату+лы) обутий в ичиги; *астар* парсы. 1) подкладка; *етік* сапоги с твердыми подошвами к каблукам; *орал-шек* (ора+л+пек) вышитый головной платок; *орамал* парсы. платок, пеленка: *мойын орамалы* – головной платок; *бет орамалы* – полотенца; *орамал жасыру* – киргизская игра; *осы орамалға салып берейін* – я хочу его завернуть в этот платок; *өкше* каблук, пятка; *ылтан* = *ұлтан* подошва; *ылтарақ* = *ұлтарақ* стелька из травы, которую вкладывают в сапог; *киіз ұлтарақ* – стелька из войлока; *ыз* (ет) сшивать: *ызған бау* – тесьма из полосы материи; *ышқыр* верхний край брюк: *ышқыр бау* – гачник; *ішік* (іш+к) шуба с верхом; *уақа* (оқа) – серебрянный или золотой галунь; *уқала* (1) (ет) (уқа+ла) 1) обшить позументом; 2) вышивать серебром или золотом; *қалат* (зат) – халат; *қалтақ* (зат) 1) род шапок: а) женский головной убор; б) шапки из войлока, которые носят теперь только башкирцы; У киргизов – древние островерхие шапки с выгнутыми полями; 2) крышка, покрывало, которая надевается на что-нибудь: крышка самовара; *қаса* (2) (зат) какая-то материя; *қаптал* (зат) (1) 1) длинный халат с отложным воротником; 2) почетный кафтан; *қамқа* (зат) камка, китайская шелковая материя; *қыл қамқа* – лучший сорт камки; *қойқын* (зат) концевая китайка (материя): *қойқын шыт* – набивная китайка; *қырмызы* (сын) красный, алый: *қырмызы жібек* – малиновый шелк; *қырмызы мақпал* – малиновый бархат; *қылқа* (зат) шуба шерстью вверх; *құрама* (зат) одеяло, сшитое из лоскутьев; *құлақша* (зат) шапка с наушниками; *құлпа* (зат) какая-то шелковая материя; *кенеп* (зат) лен, холст; *кендір* (зат) конопля, пеньковая ткань; *торқа кендір* – лен; *кебін* (зат) араб. холст, в который завертывают мертвых, саван; *кебіс* (зат) галоша: *шартылдақ кебіс* – род туфель; *көйлек* (зат) рубаха: *өзіңнен бір көйлек бұрын тоздырғаннан сұра!* – спрашивай совета у того, кто раньше тебя износил рубаху (у старшего) (посл.); *керте* (зат) стеганный женский халат из бумажной материи; *көпте* (зат) шерстяной ваточный кафтан; *кіім* (зат) (кім) одежда, платье; *кімешек* (кімшек) (зат) головной убор старых женщин (по Будагову: головной убор уральских татарок); *күйе* (1) (зат) стеганный халат, надеваемый сверх рубахи; *күндік* (2) (зат) 1) платок на голове, который носят женщины; 2) вуаль; *күмү* (зат) кафтан, подбитый овечьей шерстью; *насар* (зат) какая-то материя; *тай-тәрә* (зат) (тай+тәрә) кожан из жеребьячьей кожи, шаровары, сшитые

из кожи; *саускандың терәсінән таі-тәрәсін кылып* – он сшил кожан из кожи сорок; *теітәрә* (зат) (таі+тәрә) шуба шерстью наружу; *така* (2) (ет) каблук: *така салды* – он прикрепил каблук; *тактыја* = *такја* (зат) ермолка, тюбетейка; *тана* (1) (зат) всякая плоская пуговица (перламутровая, стеклянная, фарфоровая); *таж* (зат) парсы. венец; *тамакииа* (зат) (тамак+ша) ожерелье, нашивка на груди рубах у девиц; тамбал (зат) подштанники; *melägäi* (зат) кокандская шляпа; *melñäk* (зат) татарская тюбетейка; *тептәк* (зат) материя вроде сарпинки; *тепши* (зат) тесьма, пришитая к платьям для завязывания; *тон* (зат) 1) верхняя одежда; 2) шуба; *торка* (зат) шелк, шелковая материя; *торбун* (зат) – торка; *төстік* (зат) (төс+лік) 3) нагрудник на женской рубашке; *тымақ* (зат) – тұмақ; *тұмақ* (зат) зимняя шапка, малахай; *тұмө* = *тұмә* (зат) пуговица; *тұлқу бөрүк* – лисья шапка; *тұлқу ішік* – лисий мех; *далбаі* (зат) треух из сукна; *далымбұ* (зат) китайская материя; *дамбал* (зат) мужские портки; *дәңмәнт* (зат) кушак из бархата с серебрянными пряжками и другими украшениями; *дәмсә* (зат) какая-то шелковая материя; *дұлға* (зат) шлем; *байпақ* (зат) войлочные чулки, валеные сапоги; *жайдары* (сын): *жайдары шыт* – бухарский ситец; *жағалбай* (зат) женские портки, на которые надевают шаровары; *жаулық* (зат) платок, белый головной платок, который носят замужние женщины; *жарғақ* (сын) выделанная шкура без волос: *жарғақ тон* – кожан; *жақа* (жаға) (зат) 1) воротник; *жамлашы* (зат) ецанча, бурка; *сарнай* (зат) почетное платье: *сарнай жапты* – он дал ему почетное платье; *шекпен* (зат) ткань из верблюжьей шерсти; *шалбар* (зат) широкие брюки, шаровары; *шапан* (зат) верхнее платье, кафтан; *шашақ* (зат) кисточка, бахрома; *шарқат* (зат) красная шелковая шаль, шарф; *шоқыма* (зат) парши, не сплошные, а рассеянные; *шылауыш* (зат) верхний головной платок; *шыт* (зат) 1) ситец; 2) плотный (о материи); *шіден* (зат) верхнее платье, халат, стеганный на вате; *шұлық* (зат) 1) шарф; 2) шулок; *шұлғау* (зат) (шұлға+у) онуни, портянки; *шүперек* (зат) лоскутье, тряпка; *сеңсең* (зат) мерлушка, шкура шестимесячного ягненка; *жейде* (зат) – жейдем; *жейдем* (зат) рубаха, спереди открытая; *бау* (зат) веревка; *зер* (зат) позумент, галунь; *жібек* (зат) шелк, шелковая материя: *жібек шапан* – шелковый халат; *желек* (зат) покрывало у молодухек; *жалбағай* (сын) суконный башлык (от жара, пыли, дождя и сырости); *жадағай* (зат) один халат на рубах; *жақа* (жаға) (зат) 1) воротник; *жалғантыс* (зат) суконный башлык; *жатақ* (зат) (жат+ақ) 3) шапочка, надеваемый под верхней шапкой; тюбетейка; *сонпа* (зат) теплая шапка татарского покроя.

В.В. Радлов сөздігінде берілген XIX ғасырдағы мата атауларына көз салсақ: *саңкой* – даба, бумажный материал; *манат* – красное сукно, тептек: *Ертіске қала салды манат тоғай* – на Иртыше устроили город, как лес из красного сукна; *койкун* (зат) концевая китайка (материя): *қойқын шыт* – набивная китайка; *камка* (зат) камка, китайская шелковая материя; *қыл қамқа* – лучший сорт камки; *барша* (1) (зат) старинная материя; *бөз* (1) (зат) бумажная материя; *балқы/былқы* – полущелк: *балқы барша* – полущелковая материя; *маут* (зат) высший сорт сукна, кастор; *мәулүм* (зат) какая-то материя; *далымбұ* (зат) китайская материя; *жібек* (зат) шелк, шелковая материя; *жібек шапан* – шелковый халат; *мақпал* (зат) араб. плющ, бархат: *қара мақпал* – черный плющ; *каса* (2) (зат) какая-то материя; *насар* (зат) какая-то материя; *бойяк* – голубая бухарская даба; *шыт* (зат) 1) ситец; *жібек* (зат) шелк, шелковая материя; *жібек шапан* – шелковый халат; *бүлкүн* – (зат) какая-то шелковая материя; *былқы* (2) (зат) полущелк; *борлат* (зат) низкий сорт каленкора, красного кумача; *құлпа* (зат) какая-то шелковая материя; *кендір* (зат) конопля, пеньковая ткань; *торқа кендір* – лен; *тептәк* (зат) материя вроде сарпинки; *торка* (зат) шелк, шелковая материя; *торбун* (зат) – торка; *дәмсә* (зат) какая-то шелковая материя; *жайдары шыт* – бухарский ситец; *шоқыма* (зат) парши, не сплошные, а рассеянные.

Саңкой деп қытайдың жұқа қағаз негізді ақ түсті матасын айтқан екен. Қазіргі кезде *дабы* атауымен белгілі (Хинаят, Сужикова, 2007). Бұрынғы атауын кездестіре алмадық. *Манат* – қызыл түсті майда түкті биязы жүн мата. Қазіргі кезде де *манат* (қызыл түсті болуына байланысты) және *тептік* атауларымен белгілі. *Манат* – қызыл барқыт тәрізді сырткіімдік бағалы шұғаның атауы. Матаның *қойқын*, *қойқын шыт* атаулары да қазіргі кезде кездеседі. В.Радлов бұл матаның қытайдан шығатынын ескертіп отыр. Алайда 1897 жылғы қазақша-орысша сөздікте «бөз койкун – московская бязь» деген дерек кездеседі (Киргизско-русский словарь, 1897). Демек, бұл бөз матаның орыстарда да бар болғаны айқын. В.Радлов бойынша,

қамқа – қытайдың жібек матасы екен, соның ішінде *қыл қамқа* – қытай жібегінің ең жоғары сорты. Қазірде де бар атау: *қамқа* – алтындатқан не күмістеткен зерделі жіптен тоқылған жібек мата. *Барша* атауы қазіргі тіліміздегі «парша»-ны білдіреді. *Балқы барша (былқы барша)* – жартылай жібек, аралас барша материал. В.Радлов сөздігінде берілген *былқын* да осы *былқы* атауының бір варианты деп ойлаймыз. *Бөз (бязь)* – қазіргі қазақ тілінде кеңінен қолданылатын атау. *Мауыт* немесе *мауыты* – қазіргі кезде де бар мата. Ол – оң жағы майда түкті келген қалың мата, шұғаның бір түрі. *Мақпал* қазіргі кезде де кең таралған мата атауы. Қазіргі деректер бойынша, *мақпал* – тығыз тоқылған, жұмсақ, түкті барқыттың бір түрі. В.Радлов *қаса* атауында оның қандай материал екендігін көрсетпеген. Біз, өз тарапымыздан, қазіргі кездегі қазақ тіліндегі жергілікті айтылымдарда *аққаса*, *ақкірт* түрінде айтылып жүрген материал осы *қаса* деген ойдамыз. *Насар* – жібек кездеме материалдың бір түрі. Қазір де бар атау. *Бояқ* – бұл да бар атау, көк түсті кездеменің бір түрі. *Шыт пен жібек* – қазіргі лексиконда бар атау. *Борлат* – «мақта негізде жасалған қырмызы түсті жұқа мата». XIX ғасырда Қазан қаласында фабрикаларда шығарылған мата түрі. Қазіргі лексиконда бар атау. *Құлты* атауы да жібек матаның бір түрі қазіргі лексиконда ұшырасады. *Кендір* де қазіргі кезде белгілі. *Тептік* те қазір бар атау. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде: «Тептік» – 1. Мақтадан не зығырдан тоқылған мата, 2. «Жол-жол болып келген мата», *құлты* – «кездеменің бір түрі» сияқты бұрынғы атаулардың қазіргі тілімізде шыңында да бар екендігін айғақтайтын мысалдар молшылық. Бұлардың көпшілігі «Қазақ тілінің аймақтық лексикасы» атты еңбекте аталған (Сарыбаев, Нақысбеков, 1989). Қазақ тілінің өткен ғасырлардағы ескі сөздіктері *торқа* сөзіне – «ең қымбат жібек мата», *торғын* – қымбат бағалы жібек матаның бір түрі; *манат* сөзіне «барқыт тәрізді сырт киімдік бағалы шұға» тәрізді анықтамалар ұсынады. Сөз болған киім және мата атаулары қазіргі тілде бар. *Мәулім*, *далымбу*, *дімсе* атауларын мата атаулары бойынша деректерден кездестіре алмадық. Парша материалының түрлері көп. *Шоқыма* осы материалдың бір түрінің жергілікті қолданыстағы берілісі болуы мүмкін.

Осы сөздікте келтірілген мата атауларына қатысты айтарымыз: өткен ғасырлардағы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде болған, қолданыс тапқан мата атауларын осы саланың мамандарын қатыстыра отырып, қазіргі кезде қолданылып жүрген атауларымен салыстырып, осы мәселені жан-жақты зерделей отырып, олардың ішіндегі қазіргі күн қажетіне жарайтындарын тарихи қолданым ретінде қайта жаңғыртуға болатын тәрізді.

Біздің ата-бабаларымыз XIX ғасырда киген, тұтыған киім-кешек атаулары туралы қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде жарық көрген өзге де басылымдар, сөздіктерде анық айғақтар баршылық. Мәселен, 1861 жылғы Н.И. Ильминский материалдарында: «Жейде – рубаха старинного киргизского покроя. Это бязевый халат с воротом шалью, на правой стороне завязывается шнурками. Теперь носят только старики» деген деректі оқимыз (Ильминский, 1861). Осындай тарихи тілдік жазбалардағы деректерді пайдалана отырып, жоғарыда келтірілген *қаптал*, *құлақша*, *керте*, *күндік*, *күме*, *тайтері*, *тана*, *далбай*, *деңмент*, *жағалбай*, *шарқат*, *шылауыш*, *жейде (жейдем)*, *жалбағай*, *жалғантыс*, *жатақ* тәрізді тарихи атаулардың қолданымын жаңғырту қажет.

Лексика – тілдің өзгеріске ең бейім саласы. Сондықтан да тіл мен тіл арасындағы лексикалық ауыс-түйістер басқаларына қарағанда көбірек кездеседі. Бірақ кез келген тілдің сөздік құрамына қарайтын болсақ, олардың барлығының бірдей ауысып, өзгере бермейтінін көруге болады. Бұл айтылған сөзге көз жеткізу үшін, қазақ елінің ішкі құрылымдық негіздерін айғақтайтын, қазақы қоғам үшін маңызды тақырыптық топтардың бірі – туыстық атаулар болғандықтан, келесі кезекте сөздіктегі осы мәселенің лексикографиялану дәрежесін қарастырып көрелік: *ажал* (1) араб. 1) девица; *ажал бала* – незаконнорожденное дитя; 2) дочь; *абысын* – жена старшего брата мужа; *аба* (1) 1) старший брат, дядя; *бір туған аба* – родной брат; *енә, әнәкә: кәін енә* – теща: *шеішәң үшүн кәін енәң онда болар қар-қар!* Вместо твоей матери там будет теща, джар, джар! *абаіні* – абаіны; *абаіны (аба-іні)*: родственники, братья *әкәсі бір, шеісі баска болған абаіны* – братья от одного отца, но от разных матерей *жәкын абаіны* – близкие родственники; *әні* – младший брат; *еншіләс* (енші+ләш) 1) приемный, который должен получить часть наследства; 2) рабочий, который вырос в доме, не получает особой платы и считается просто членом семейства;

3) побочный сын; *емшектес* (емшек+теш) – молочный брат; *орпақ* (ұрпақ) род, происхождение *отағасы* (от+аға+сы) господин дома, старший в семье; *өкіл*: *өкіл ата* – пожилой человек подружившийся с молодым человеком: *өкіл күйеу* – молодой человек, подружившийся с человеком зрелого возраста и получивший от него подарки; *кайн* (зат) 1) жена родня в отношении к мужу: *кайн ата* – тесть; *кайн ана* – теща; *кайн аға* – старший брат жены, дядя жены; *кайн іні* – младший брат жены; *кайн мұртұ* – родственник аул жены; 2) родства мужа в отношении к жене (это значение развилось только впоследствии) *әкәмай дәп мылама*, *баібус қыздар*, *қар-қар*, *әкәң үшүн кайн атаң онда болар қар-қар!* Не говорите: о, мой отец! бедные девицы, там будет на место отца свекорь; *әкә* 1) отец: *әкә-шеші* – отец и мать, родители; *үлкөн әкә* – дед; *әкәм-әі дәп мылама*, *баібус қыздар қар-қар әкәң үшүн кайн атаң мында болар қар-қар* – говоря «отец мой», не плачьте, бедные девицы, вместо отца здесь, там будет тесть; *арда* 1) семейство, дети: *арда бала* – первый, любимый ребенок; *карындас* (зат) *брат* (карын+даш): *ауру астан*, *дау карындастан* – болезнь происходит от пищи, тяжесть от брата; *карындаш* (зат) брат или сестра (собств. товарищ по животу, соутробник); *калыңдық* (зат) (калың+лык) 1) нареченная невеста; невеста, за которую уже уплачен калым; *калыңдығың бар ма?* – есть ли у тебя уже взрослая дочь, за которую уплачен калым?; *құда* (зат) сват; *құда десті* – они называли друг друга сватами; *жанама құда* – спутник главного свата; *бауыздау құда* – главный сват; *құдаша* (зат) (құда+ша) сестры жены и мужа относительно друг друга; *келін* (зат) невестка, сноха: *қорықпас келін қой басынан қорқады* – и небоязливая невестка боится головы барана (посл.); *келіншек* (зат) невеста; женщина, недавно вышедшая замуж; молодая жена до первых родов; *кемпір* (зат) старуха: *кемпір өлді* – старуха умерла (когда обвенчанные, жених и невеста, должны ложиться спать, то одна старуха извещает их, что все ушли, говоря: «старуха умерла», и за это получает подарок); *кіндіктес* (сын) (кіндік+теш) родственники, братья; *күйеу* (зат) зять, жених, молодой муж; *күйеуге берді* – он выдал замуж; *күндес* (сын) (күндө+ш) соперница (так называются жены одного мужа); *нағашаға* (нағашы+аға) (зат) старший брат по линии матери; *нағашана* (нағашы+ана) (зат) мать матери; *нағашата* (нағашы+ата) (зат) отец матери; *нағашы* (зат) родственники по матери; 82) *немәрә* (зат) внук; *табы* араб. (зат) 2) семейство, приверженцы; 587) *тетә* (сын) следующий; в выражениях: *тетә маған* – следующий за мною; *тетә ағасы* – второе лицо после косағасы; *торпақ* (2) (зат) родня и близкие люди: *торпағым бар (жоқ)* – у меня родственники есть (нет); *төркүн* (зат) отец, родители и все родственники жены, дом отца жены; *катынды төркүнүнө кайтаралмайды* – он не может возвратить жену в дом ее отца; *қаман катын алсаңыз төркүнүнө берәлмай* – если вы возьмете гадкую жену, вы не можете отдать ее назад в дом отца; *токал* (зат) 3) младшая жена (так как она беззащитна против старшей жены): *токал катын* – младшая жена; *токал-а!* – о ты негодная! *тұқым* (зат) 2) род, семья, вид: *тұқымға қалдырды* – он оставил потомство; *тұбан* (сын) родственник: *тұбаным жоқ* – у меня нет родственников.

Туысқандық атауларды ғылыми зерттеулерде (Диуанова, 2010: 20-30) көрсетілген: а) қандық туысқандық және б) некемен байланысты туысқандық екіге бөліп қарастыратын болсақ, туыстықтың бұл екі түрі де В.В. Радловтың сөздігінде кездесетіндігін байқауға болады. Қандық туысқандыққа байланысты сөздерге: *ата*, *әже*, *ана*, *аға*, *іні*, *сіңлі*, *қарындас*, *немере*, *бөле*, *ағайын*, *нағашаға* (*нағашы+аға*), *нағашана* (*нағашы+ана*), *нағашата* (*нағашы+ата*), *нағашы*, *бауыр*, *жиен*, *жиеншар*, *шеше*, *жұрағат*, *атеке*, *жек-жат*, *отағасы*, *қарындаш* сөздерін жатқызуға болады. Ал некеге байланысты атауларға қатысты *ене*, *абысын*, *жеңгеше*, *қайын*, *қайын аға*, *қайын іні*, *қайын жұрты*, *құда*, *жанама құда*, *бауыздау құда*, *құдаша*, *келіншек*, *күйеу*, *өкіл күйеу*, *ер*, *әйел*, *қатын* т.б сөздерін бөліп көрсетуге болады. Сөздікте тура туыстықты да, жанама туыстықты да білдіретін атаулардың молынан қамтылғанын көруге болады.

Жоғарыда аталған, санамаланған жүйе бойынша, «табиғат» бөлімінде жер және жер бедерінің атаулары, жер-су атаулары, тау-тас жынысының атаулары, жерасты кен байлықтары атаулары, ауа мен су, топыраққа байланысты атаулар, аспан әлеміне тән сөздер, табиғат құбылыстарына, ауа райына байланысты, уақыт пен кеңістікке, жыл мезгілдеріне, жалпы уақыт ұғымына қатысты атаулар, төрт түлік малға байланысты атаулар, жануарлар дүниесіне, атап айтқанда, үй хайуандарына, аңдарға, жабайы хайуанаттарға, жыртқыш аңдарға, құстар мен

балықтарға, ұсақ жәндіктерге, өсімдіктер дүниесіне қатысты атау сөздер қарастырылады.

Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі қазақ тілі бойынша ең мол материал *мал шаруашылығына* байланысты болып келеді. Оның басты себебі түсінікті. Қазақ халқының атам заманнан бергі дәстүрлі шаруашылығы болғандықтан, бұл сала бойынша жинақталған атаулар, сөздік бірліктер де орасан көп-ақ.

ЖЫЛҚЫ: *айғыр* – 1) жеребег; *айғырлы* – имеющий жеребца с жеребцом: *үйір айғырлы ма?* есть ли жеребег в табуне?; *айғыршық* – маленький жеребег; *ат* (2) (барлық диал.) 1) легченый жеребег, мерин; 2) лошадь как единичное существо, верховая лошадь (лошадь как вид, называется жылқы): *арғымақ ат* – средне-азиатская лошадь арабской крови; *жауға мінер ат* – боевая лошадь, *сүріш ат* – лошадь малорослая; тумыш, *қарабайыр ат* – лошадь помес аргамака и киргизской кобылы; *қазақ ат* – лошадь киргизской породы; *ат жусайды* – лошадь, наевший, стоит сонно; *ат шұлғиды* – лошадь мотает головой сверху вниз; *ат тұтты* – он держал лошадь за уздцы (знак почета); *атқа мінгізді* – он посадил его на лошадь, подарил ему лошадь; *атқа мінді* – он сел на лошадь; *салт атпен жүрді* – он едет верхом; *ат қорасы* – конюшня; *ат күтуші* – конюх; *ат аяғын тай басар* – жеребенок будет со временем лошадь; *көлік* (зат) 1) рабочий скот, перевозочные средства (лошади, телеги); 2) породистая лошадь; *көде* (зат) 1) веревка, который привязывают заднюю ногу кобылы к шее, когда ее доят; *күті* (күт+ү) (зат) табун; *тарпан* (сын) 1) дикая лошадь; 2) лошадь, нетерпещая на себя седока; *қысыр* (сын) яловая, неродившая (лошадь, корова); *қысырақ* (зат) табун из молодых кобыл, которая еще не жеребились и к которым припускают жеребца; *тай* (зат) молодая лошадь; *құлын тай* – молодой жеребенок; *құлын* (зат) жеребенок по первому году; *тубур* (2) (зат) лошадь среднего достоинства; *арғымақ* средне-азиатская лошадь арабской крови; *сүріш ат* – лошадь малорослая; тумыш, *қарабайыр ат* – лошадь помес аргамака и киргизской кобылы; *қазақ ат* – лошадь киргизской породы; *тумыш* (зат) (ту+мыш) лошадь, родившаяся от аргамака и киргизской матки; *дөнөн* (сын) четырехлетняя лошадь; *дөнөжүн* (сын) четырехлетняя кобыла; *үйір* 1) куча, толпа, стадо, табун; *бір үйір мал* – все лошади, которые ходят с одним жеребцом; *азбан* жеребег или бык, вылегченный только на пятом или шестом году; *құнан* (зат) трехлетний жеребенок; *тұ* (3) (сын) яловой, не рождающий: *тұ тұ біі* – яловая кобыла; *тебін* (тәп+н) (зат) 1) тебеневка, доставание скотом корма из под снега; 2) оставшая под снегом трава, которую скот может достать; 3) оставшаяся пища; *пішме* (сын) (піш+ме) мерин; *жабағы* (зат) жеребенок в первую по рождении осень; *желі* (зат) натянутая на двух кольях веревка, к которой привязывают жеребят; *жарау* (сын) 1) худошавая, годная для скачек лошадь; 2) слабый, усталый; *жылқы* (зат) – жылқы; *саурық* (зат) жеребенок 4-5 лет, которого предполагается легчить; *байтал* (зат) молодая кобыла, еще не рождавшая; *жайла* (ет) (жай+ла) 2) ездить все лето на одном коне; *жайлауыш* (зат) лошадь, которая все лето была в работе; *жая* (зат) нижняя часть спины, задок у лошади; *жал* (1) (зат) грива, жалы бар мал – жирный скот; *шу* (2) (одағай) восклицание для понукания лошадей; *сақат* (зат) лошадь около девяти лет; *сақа тұғыр* – простая, ломовая лошадь; *мінер жақ* – сторона, с которой садятся на лошадь, левая сторона; *жабы* (сын) 1) дурной, незначительный, негодный, простой; *жал құйрығы қаба деп, жабыдан айғыр салмаңыз!* – не припускайте (в табун) негодного жеребца, потому что грива и хвост его мохнатые! 2) печальный; 3) простая киргизской породы худая лошадь; *жорға* (сын) 1) иноход; 2) иноходец; *саяқ* (зат) жеребцы и мерины, отделенные от табуна; *жетек* (зат) ведомая в поводу лошадь; *сүріс* (зат) маленькая лошадь.

ТҮЙЕ: *тұс* (3) (зат) верблюд одногорбого самца и двугорбый верблюдицы; такие бывают весьма сильными; *қисық төс* – помесь каспака (одногорбного) с двугорбым верблюдом; *айыр өркешті түйе* – верблюд с двумя горбами; *атан* холощенный верблюд; *атан түйе*; *інген* верблюдица, самка верблюда; *нар* (зат) одногорбый верблюд; *нар тұй*; *кара нар* – лучшая порода их; *кызыл нар* – дромедар небольшой, красного цвета; *лök* (зат) одногорбный верблюд; *тайлак* (зат) двухлетний верблюд; *қоспақ* (зат) верблюд от помеси одногорбного (нар) и двугорбного (түйе); *тұй* = *тө*, *тәбә* (зат) верблюд; *ажыр тұй* – двугорбый верблюд; *нар тұй* – одногорбный верблюд; *тұс* (3) (зат) верблюд одногорбого самца и двугорбый верблюдицы; такие бывают весьма сильными; *дөнөнші* (сын) четырехлетний верблюд; *інген* верблюдица, самка верблюда;

тайлак (зат) двухлетний верблюд; *қоспақ* (зат) верблюд от помеси одногорбного (нар) и двугорбного (түйе); *тұё* = *тө*, *тәбә* (зат) верблюд; *ағыр тұё* – двугорбый верблюд; *нар тұё* – одногорбный верблюд; *шуда* (зат) длинная шерсть верблюдов; 1035) *шөгір* (1) (зат) (шөк+р) *күлге шөгір* – помес одногорбного верблюда с двугорбый самкою; 1035) *шөгір* (2) (ет) 1) заставить верблюда стать на колени; 2) случать верблюдов) *жапрық* (сын) жапрық түйе – верблюд с лежащим горбом; *желмая* (сын) очень быстрый и большой одногорбый верблюд; *жетек* (зат) ведомая в поводу верблюд.

СИБР: *дөнөн өгүз* четырехлетний бык; *дөнөжұн сір* – четырехлетняя корова; *азбан* жеребец или бык, вылегченный только на пятом или шестом году; *өгіз* бык: *шешемде ала өгіз бар*, *соны әкеп берейін* – у моей матери есть пестрый бык, я его приведу; *қашар* (сын) (қаш+ар) *қашар сиыр* – двухлетний теленок; *қысыр сиыр* – яловая корова; *таиша* (зат) годовалый теленок; *құнан өгіз* – трехлетний теленок; *теі бузау* – такой теленок; *торнак* (1) (зат) двухлетний теленок; *тұ* (3) (сын) яловой, не рождающий: *тұ сір* – яловая корова; *сиыр* (зат) (сір) корова.

ҚОЙ: *дөнөн қой* – четырехлетний баран; *шалауыз* (сын) *шалауыз қой* – крупный и жирный баран; *ақтылы* (ақ+лы+лы) смешанный с белым цветом: *ақтылы қой* – стадо овец, в котором находится несколько белых овец; *айналыш* (айнал+шық) нижняя часть заднего прохода (т.е. конец прямой кишки и кожа вокруг заднего прохода); *қой* (зат) овца, баран: *құнан қой* – овца по третьей весне; *дөнен қой* – овца по четвертой весне; *қой қоздайды* – «овцы ягнятся», так называется время от конца до середины апреля; *қозы* (зат) 1) годовалый ягненок; 2) ягненок; *қошақан* (зат) (қозы) маленький ягненок; *қошқар* (зат) баран; *отар* (от+ар) 1) пастбище; 2) отдаленное от аула пастбище, *малым отарда* – скот мой находится на пастбище от аула; *текә* (зат) козел: *ор текә* – сайгак; *Текә каласы* – город Уральск; *құнан қой* – трехлетний ягненок; *теі қозы* – такой ягненок; *тоқты* (зат) ягненок в конце первого года; *тұсақ* (зат) ягненок со второй весны (по рождению); *толарсақ* (зат) косточка на задних ногах скота (соединяющаяся с асықты жілік): *бір толарсақ, бір тобук санда полұр ңар-ңар!* – один толарсақ и одна коленная чашка находятся на ноге джар-джар! *Толарсақ ңеп өскөн* – он вырос в нужде; (так как толарсақ считается самым плохим куском и никогда не подается гостям); *қотан* (1) (зат) хлев для скота; 2) огороженное место вблизи аула, куда на ночь загоняют овец; *шалауыз* (сын) *шалауыз қой* – крупный и жирный баран; *жабаға* (зат) овечья шерсть, состриженная весной (очень грубая); *жабағының биті ащы*, *жаман кісінің сөзі ащы* – вши в джабаге так же кусают, как слова дурного человека; *сарық* (2) (зат) русская овца; *саулық* (зат) овца; *сек* (2) (зат) (ісек) баран по второму году.

ЕШКІ: *ешкі* – коза, *ылақ* – лақ козленок, однолетняя козуля; *лақ* (зат) козленок; *лак* = *улак* (зат) козленок; *туша* (зат) коза со второй весны от рождения; *шыбыш* (зат) годовалый козленок; *серке* (зат) козленок по второму году.

Жиі ұшырасатын мал аурулары бойынша негізгі атаулардың бәрі де В.В. Радлов сөздігінде кездеседі. Түйе аурулары: *ақ шелек* – болезнь верблюда; *оқыра шуда* – черви, заводящиеся под кожей у скота. Жылқы аурулары: *ақ бас* – болезнь лошадей; *оқыра* – лишай на коне; *оңай* – оңай, оңқа; опухоль на плечах лошади; *қолау* (сын) лошадь, захромавшая, измученная верховой ездой; *көттеу* (зат) болезнь лошади, *талау* (зат) опасная болезнь лошадей; *кара тұінөк* – болезнь у лошадей; *жамалдат* (зат) повальная болезнь, убивающая лошадей, при ней пухнет спина около шеи и около хвоста; *жалқаяқ* (зат) мягкая опухоль; *жалақ* (2) (сын) 2) небольшое больное (стертое, набитое) место на спине лошади. Сиыр аурулары: *ақнас* (ақ+бас) болезнь телят (головная); *алөкпе* – повальная болезнь рогатого скота; *қарасан* (зат) опасная, повальная болезнь коров; *қылау* (зат) болезнь телят; *ноғала* (зат) глазная болезнь телят. Қой түлігінің аурулары: *алаң* 2) болезнь овец; *топалаң* (зат) болезнь овец. Ешкі түлігінің ауруларынан: *кебенек* (зат) какая-то болезнь коз.

Жоғарыда молынан қамтылған мысалдардан қазақ халқы үшін малдың қаншалықты қадірлі екендігі айқын байқалады. Жалпытүркілік сөздіктегі қазақ тілі бойынша берілген барлық материалдың арасында осы мал атауларына байланысты контенттің молдығы ерекше көзге түседі. Соның ішінде, жалпы мал атаулары арасынан ең көп ұшырасатыны – жылқы атаулары екен. Жылқы малына байланысты негізгі лексика құрамында 46 атау беріліп отыр. Екінші

орында түйе малы (23) мен қой (22) атаулары орналасады. Бұлардан кейінгі орында сиыр (12) және ешкі (6) малдарының атаулары. Бұларға қосымша малдың дене құрылысына байланысты атаулар бойынша, ат тұрман құрал атаулары бойынша, сондай-ақ мал ауруларының түрлері бойынша – барлық жағынан алып қарастырсақ та, жылқы малына байланысты лексиканың саналғаннан әлдеқайда көп екендігі бірден көзге түседі. Бүкіл мал атауларының басым бөлігін осы жылқыға байланысты сөздер құрап отыр. Бұл жануарды «қазақ малы» деп тегін атамағандығы осы жерде дәлелденіп отыр. В.В. Радлов «Қазақтардың малдары» атты үлкен көлемді мақала жазғандығы белгілі. Осы мақалада ғалым жылқыны қазақтардың өздерінің «қазақ малы» деп атайтындығын арнайы айтып өтеді (Малбақов, 2015).

Қорытынды

В.В. Радловтың «Түркі тілдер сөздігін жасау тәжірибесі» еңбегінің қазақ лексикасын зерттеудегі орны ерекше. Бұл еңбекті М.Қашғаридің сөздігінен кейінгі үлкен көлемді сөздік болып табылады десек, артық айтқандық болмас еді. Қазақ тіл бойынша лексикасында қолданылатын сөздерді зерттей отырып байқағанымыз, ғалым халық тілінде бар атауларды барлық салалар, тақырыптық топтар бойынша мүмкіндігінше толық қамтуға тырысқан. Аталған сөздікті зерттеу барысында қазақ сөздеріне лексикалық топтамалар жасалынды, атап айтқанда, тағам атаулары, тұрмыстық бұйым атаулары, аспан денелері, өсімдік, аң, құс, балық, жәндік, үй жануарларының атаулары, әртүрлі кәсіп иелері атаулары, қазақтың ру атаулары, жер, су атаулары, уақыт, кеңістік өлшемдері, діни атаулар, туыстық атаулар т.б. Ғалымның қолданған сөздерінің байырғы атауларын неологизм ретінде қолданысқа қайта енгізсек, қазақ тілінің қолдану аясы тағы да кеңейіп, тіліміздің мүмкіндігін арттыра түсер едік. Мысалы, сөздікте автор қолданған тек матаға байланысты алынған сөздер сол кездегі атауларымен қайта қолданысқа енгізіліп, күнделікті тұрмыстағы актив сөздер қатарына енсе, қазақ тілінің сөз байлығы арта түседі. Сөздіктегі қазақ сөздерінің тілдік материалдары қазақ тілінің байырғы бай мазмұнын, халықтық қалпын, негізгі сипатты ерекшеліктерін, оның жалпы лингвистикалық табиғатын неғұрлым терең танып білуге мүмкіндік жасайды.

Мақала АР19677715 «В.В. Радлов сөздігі: ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғ. басындағы қазақ сөздерінің лексикографиялануы мен қалыптануы (лексика-семантикалық аспект)» гранттық қаржыландыру бойынша зерттеу шеңберінде жарияланды.

Әдебиеттер

- Гамкрелидзе Т.В., Иванов В.В. (1984) Индоевропейский язык и индоевропейцы. В двух томах. – Тбилиси, 1984.
- Диуанова Р. (2010) Қазақ тіліндегі туыстық атаулардың мағыналық құрылымы мен лексикографиялану ерекшеліктері: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2010. – 126 б.
- Ильминский Н.И. (1861) Материалы к изучению киргизского наречия // Ученые записки Казанского ун-та. Кн. 3,4. – Казань, 1861.
- Киргизско-русский словарь (1897). Сост. по материалам Н.И. Ильминского и др. – Оренбург: Б.А. Бреслина, 1897. – 244 с.
- Қайдар Ә. (2009) Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). Адам. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – Т.1. – 784 б.
- Қайдар Ә. (2013а) Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. Қоғам. – Алматы: Сардар, 2013. – Т.2. – 728 б.
- Қайдар Ә. (2013б) Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. Табиғат. – Алматы: Сардар, 2013. – Т.3. – 608 б.
- Қырғыздар (1993) Санжыра, тарих, мұрас, салт. 1-2 том. – Бишкек: Қырғызстан, 1993.
- Малбақов М. (2015) Сөздік және сөзтаным мәселелері. – Алматы, 2015. – 316 б.
- Мусаев С.Ж., Садыкова С.З. (2018) Лексика кыргызского языка в словаре В.В. Радлова «Опыт словаря тюркских наречий» // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота, 2018. – №1. – Ч. 2. – С. 345-348.
- Сарыбаев Ш.Ш., Нақысбеков О. (1989) Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. – Алматы, 1989.
- Садыкова С.З., Мусаев С.Ж. (2017) Труд В.В. Радлова «Фонетика северных тюркских языков» и некоторые актуальные проблемы кыргызского языкознания // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота, 2017. – №10 (76). – Ч. 2. – С. 151-155.
- Мамырбек Г. (2023) В.В. Радлов сөздігіндегі лексикографиялық параметрлер // «Қазақстандағы ұлттық жарнама

тілін қалыптастыру және цифрландыру» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2023. – 197-201-бб.

Құлманов С., Бүркітбай Г. (2024) В.В.Радлов сөздігінің лексикалық құрамы: араб, парсы кірме сөздері және олардың қазіргі кездегі терминдену үдерісі // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2024. – №1(72). – 174-191-бб.

Серошевский В.Л. (1896) Якуты. Том 1. – СПб., 1896.

Славянские древности (1995-2012.) Этнолингвистический словарь в пяти томах. – М., 1995-2012.

Хинаят Б., Сужикова А. (2007) Қазақ халқының ұлттық киімдері: Мата түрлері. – Алматы: Алматыкітап, 2007.

References

Gamkrelidze T.V., Ivanov V.V. (1984) Indoeuropejskij jazyk i indoeuropejcy [Indo-European language and Indo-Europeans. In two volumes]. – Tbilisi, 1984. (in Russian)

Dıyanova R. (2010) Qazaq tilindegi tıystyq ataýlardyń maǵynalyq qurylymy men leksikografialaný erekshelikleri [Features of the semantic structure and lexicography of related names in the Kazakh language]: diss. ... of Candidate of Philological Sciences. – Almaty, 2010. – 126 p. (in Kazakh)

Il'minskij N.I. (1861) Materialy k izucheniju kirgizskogo narechija [Materials for the study of the Kyrgyz dialect]. – Scientific notes of the Kazan University. Book 3, 4. – Kazan, 1861. (in Russian)

Kirgizsko-russkij slovar (1897). Sost. po materialam N.I. Il'minskogo i dr. [Kyrgyz-Russian dictionary. Compiled from the materials of N.I. Ilminsky et al.]. – Orenburg: B.A. Breslin, 1897. – 244 p. (in Russian)

Qaidar Á. (2009) Qazaqtar ana tili áleminde (etnolingvistikalıq sózдіk). Adam [Kazakhs in the world of their native language (ethnolinguistic dictionary). Man]. – Almaty: Dyik-Press, 2009. – Vol. 1. – 784 p. (in Kazakh)

Qaidar Á. (2013a) Qazaqtar ana tili áleminde: etnolingvistikalıq sózдіk. Qoǵam [Kazakhs in the world of their native language: ethnolinguistic dictionary. Society]. – Almaty: Sardar, 2013. – Vol. 2. – 728 p. (in Kazakh)

Qaidar Á. (2013b) Qazaqtar ana tili áleminde: etnolingvistikalıq sózдіk. Tabıǵat [Kazakhs in the world of their native language: ethnolinguistic dictionary. Nature]. – Almaty: Sardar, 2013. – Vol. 3. – 608 p. (in Kazakh)

Qyrǵyrdar (1993) Sanjyra, taryh, mýras, salt. 1-2 tom. [Kyrgyz. genealogy, history, heritage, traditions in 2 volumes]. – Bishkek: Kyrgyzstan, 1993. (in Kazakh)

Malbaqov M. (2015) Sózдіk jáne sóztanym máseleleri [Problems of vocabulary and vocabulary]. – Almaty, 2015. – 316 p. (in Kazakh)

Musaev S.Zh., Sadykova S.Z. (2018) Leksika kyrgyzskogo jazyka v slovare V.V. Radlova «Opyt slovarja tjurkskih narechij» [The vocabulary of the Kyrgyz language in the dictionary of V.V. Radlov "The experience of the dictionary of Turkic dialects"]. – Philological sciences. Questions of theory and practice. – Tambov: Diploma, 2018. – No.1 (74). – Part 2. – P. 345-348. (in Russian)

Sarybaev Sh.Sh., Naqysbekov O. (1989) Qazaq tiliniń aimaqtyq leksikasy [Regional vocabulary of the Kazakh language]. – Almaty, 1989. (in Kazakh)

Sadykova S.Z., Musaev S.Zh. (2017) Trud V.V. Radlova «Fonetika severnyh tjurkskih jazykov» i nekotorye aktual'nye problemy kyrgyzskogo jazykoznanija [V.V. Radlov's work "Phonetics of the northern Turkic languages" and some actual problems of Kyrgyz linguistics]. – Philological Sciences. Questions of theory and practice. – Tambov: Diploma, 2017. – No.10 (76). – Part 2. – P. 151-155. (in Russian)

Mamyrbek G. (2023) V. Radlov sózдіgindegi leksikografialıq parametrler [Lexicographic parameters in the dictionary of V. Radlov]. – Materials of the international scientific and theoretical conference "Formation and digitalization of the national advertising language in Kazakhstan". – Almaty, 2023. – P. 197-201. (in Kazakh)

Qұлманов С., Бүркітбай Г. (2024) В.В.Радлов сөздігінің лексикалық құрамы: араб, парсы кірме сөздері және олардың қазіргі кездегі терминдену үдерісі [The lexical composition of the dictionary of V.V. Radlov: Arabic, Persian borrowed words and the process of their modern terminalization]. – Bulletin of the Abylai Khan Kazhf and Altu. Series "Philological Sciences". – 2024. – №1(72). – P. 174-191. (in Kazakh)

Seroshevskij V.L. (1896) Jakuty. Tom 1. [Yakuts. Volume 1.]. – St. Petersburg, 1896. (in Russian)

Slavjanskije drevnosti (1995-2012.) Pod red. N.I. Tolstogo. Jetnolingvisticheskiy slovar' v pjati tomah [Slavic Antiquities. Edited by N.I. Tolstoy. Ethnolinguistic dictionary in five volumes]. – М., 1995-2012. (in Russian)

Хинаят Б., Сýжикова А. (2007) Qazaq halqynyń ulttyq kiimderi: Mата túrleri [National costumes of the Kazakh people: types of fabrics]. – Almaty: Almatykitap, 2007. (in Kazakh)